

Хасанов Ғ.Қ.

ЛОГИКАЛЫҚ СЕМАНТИКА МЕН ЛЕКСИКАЛЫҚ СЕМАНТИКА БАЙЛАНЫСЫ

Хасанов Ғ.К.

СВЯЗЬ ЛОГИЧЕСКОЙ СЕМАНТИКИ С ЛЕКСИЧЕСКОЙ СЕМАНТИКОЙ

В статье рассматривается связь логической семантики и лексической синтагматики.

Connection of lexical syntagmatics & logic semantics is considered in this article.

Логикалық семантика қазіргі логиканың саласы ретінде неміс математигі және ойшылы Г.Фреге мен америка философы, логик ғалымы Ч.Пирс еңбектерінен қалыптасқан. Бұның негізі математикалық логикадан басталады, сондықтан тілдік таңбалар мәнінің ұйқасу заңдылығы зерттеу нысандарының бірі болады. Л.А.Новиков былай дейді: «Логикалық семантика жасанды, формалды тілдердің таңбалық мағынасын, дерексіз ұғым, символдарды мазмұндық мағына тіліне аудару ережелерін зерттейді» [1,15]. Белгілі логик А.Д.Гетманованың тіл туралы «тіл таңбалы ақпараттық жүйе, адамның рухани қызметінің жемісі. Жинақталған ақпарат таңбалар (сөздер) арқылы беріледі» деген ойы логика мен лингвистиканың жақындығын көрсетеді [2,17]. Логикадағы кейбір терминдер тілде басқа мәнде қабылданады, яғни логикадағы «мағына» тілдегі «референт, денотатқа», ал «мән» тілде «ұғымға» жақын келсе, «семантика» термині логикада семиотикадағыдай мәнде қолданылады. М.А.Кронгауздың ойынша «логикалық семантиканың басты мақсаты логикалық мәндегі тілдің үлгілерін, оның ішінде, тілдегі сөйлеудің ақиқат шындығының үлгісін жасау» [3,35]. Г.Фреге өз еңбектерінде зат пен аталымның арасында туатын қатынасты, таңбалаушы мен таңбаланушының және таңбалардың мазмұндық көріністері арасындағы байланысты зерттеді. Г.Фреге «мағына» (Bedeutung; таңбаланған зат) пен «мәнді» (Sinn; ақпарат) айырып, таңбамен мәнді көрсетіп барып, затты атаймыз деген ұғымды енгізді. Сонда әр таңбаға белгілі бір зат сәйкестенсе, белгілі мән де үйлесу керек. Сонда, яғни семиотикадағы қатынастар логикалық семантикаға ауысқандай күйге енеді де, сөздер; «мағына» (логикада) тек мәндік қатынас (парадигматика мен синтагматика) арқылы көрінеді. Бұның ар жағында ойлаудағы тәртіп пен пайымдаудың дұрыс реттелуі тұр, себебі мағына мен мән, таңба арқылы бекиді. Бұл категориялар жүзеге асқанда бір-бірімен қиылысып, бір нүктеде жинақталады, қайталаынады. Аталым ұғынықты болғанда ғана мән индивидке түсінікті болады, ал қатынастар мазмұндық құрылым түзеді де белгілі бөліктерге бөлінуі мүмкін. Ой мен пайымдаудан туған шын және жалған ойқорыту

қатынастарға да байланысты туады. А.Д.Гетманова бұған мынадай мысалдар келтіреді: «Барлық қасқырлар – жыртқыш аңдар» деген пайымдау шын, ал «барлық саңырауқұлақтар – улы» деген пайымдау жалған. Сондай-ақ, егер заттар қатынасында логика ережелерін дұрыс сақтап, сөздерді құрсак, шын ойқорыту шығады: *барлық жолбарыстар – жолақты. Мына аң – жолақты. Мына аң – жолбарыс* [2,11]. Осыдан келіп, Г.Фреге ұзын, күрделі пайымдауларды білдіретін сөз тіркестері мен тұтас ойқорытулардың көрсеткіші болатын сөйлемдердің шын және жалған екенін анықтау ережелерін логикалық семантика шешеді деген қорытынды жасайды. М.А.Кронгауз әр сөйлемнің шын жағдайына негізделген себепті әр сөйлемге шын деген баға беруге болатын формалды тіл жүйесі Г.Фреге еңбектерінде алғаш жазылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Г.Фреге саны шексіз сөйлемдері бар тілдерге шын баға беруде үлкен рөл атқаратын композиционалдық принципін енгізді. Бұл принцип жай сөйлемдердің жиынтығын өзгерту, құбылту арқылы өте күрделі сөйлемдерді түсіндіруге мүмкіндік береді [3,36]. Сөз аралығындағы синтагматикалық қатынастар логикалық семантикадағы осы шын және жалған баға беруден тұратын пайымдау мен ойқорытулар аралығында байқалуы мүмкін екенін айтқымыз келеді. Сөз мағыналары, ұғым, таңбалар логикалық семантика категориялары ішінде өзара ықпалдасқанда, мәндік жағынан өзгеру формулалары туады, осының негізінде тіл қатынастары жатады деп топшылаймыз. Бұл қатынастар таңба, аталым, ат, мән, мағыналардың өзара байланысында болады. А.Д.Гетманова бұларға мынадай анықтамалар береді: «Таңба – материалды зат (құбылыс, оқиға); ол ақпаратты, хабарды сақтауға, қорытуға, беруге пайдаланылатын белгілі бір заттың қасиеті, қатынасының өкілі. Олар тілдік, тілдік емес деп екіге бөлінеді. Ат – затты таңбалаушы сөз не сөз тіркесі. Мән (концепт) – зат туралы ақпарат, хабар [2,18-19]. Міне, осы категориялар тілге көшкенде өздерінің логикалық жүйесін сақтап, бір-бірімен мәндік байланыста қатынасады да, таңбалар арасындағы Ф. де Соссюр көрсеткен байланыстарға түседі. Сол себепті, семиотика мен логиканың түйісінен логикалық семантиканың негізі қаланған деген ойға келесің. Сөздердің логикалық жүйеленуі ойлаудың нақты және дерексіз түрлеріне қатысты болады, алайда бұл

мәселе әлі толық қарастырылмағандықтан тілдегі жағдайы күрделі сипатта екені белгілі болды. Бұның ішінде, аталымдардың мәнін талдау, заттардың семантикалық белгілері арқылы көптік категориясымен операциялар жасау, мағына мен функцияның айнымалдығын ашу т.т. сол іспетті мәселелер бар. Біз қарастырып отырған тілдегі мағыналық қатынастар логикалық семантиканың формалды семантикасында бір-бірімен тығыз байланысқа түсіп, өзіндік қасиетке ие болып, жүйе ішінде белгілі бір үлгілер құрайды. Адам санасындағы «қоймада» ойлаудың жүйелілігіне негізделген, яғни логикалық түзу мәнге ие, дұрыс ой операциялары мен тілдегі негізгі қатынастарда бекіген таңбалар не сөздер құрылымдары жинақталады. Бұл мәселелер логикада ірі қадам жасап, формалды семантиканың негізін жасаған поляк логики А.Тарскийдің еңбектерінде алғаш қарастырылды. А.Тарскийдің логиканы алға жылжытудағы басты еңбегі шын және жалған ойлау, пайымдау мен сөйлеудегі мәндік жүйені анықтайтын формулалар мен аксиомалар енгізуі. А.Тарский «сонда және тек сонда ғана» деген ақиқаттық жағдайға қатысты болатын шын бағалау жүйесінің формуласын енгізе отырып, қатынастардың сөз бен сөйлем ішінде үйлесу деңгейлерін көрсетеді. Оның шынды бағалауды анықтау формуласы мынадай түрде болады:

S шын сонда және тек сонда ғана, егер P.

А.Тарскийдің формуласындағы S – айқындалатын сөйлем де, P – метатілге жазылған шын (ақиқаттықтың) жағдайы, сонда Алматы – еліміздің оңтүстік астанасы сонда және тек сонда ғана, егер мына шындық жағдайы орындалса, яғни Алматы 1999 жылға дейін еліміздің астанасы болды. Бұл пайымдау шын, сондықтан Алматы еліміздің астанасы болды. Ал Алматы – еліміздің астанасы десек, жалған пайымдау пайда болады, шын пайымдау А.Тарскийдің формуласына салғанда былай болып шығады: Алматы – еліміздің оңтүстік астанасы шын сонда және тек сонда ғана, егер Астана – еліміздің солтүстік астанасы. Сондай-ақ, бұған басқа сөздерді қойсақ та логикалық жүйедегі шын мен жалған көрініп отырады. Мысалы: Астана – еліміздің ақ ордасы, шын сонда және тек сонда ғана, егер Астана – еліміздің бас қаласы. Сонымен қатар, шын жағдайы семантикалық қатынас құралған кезде де бұл формула бойынша сол күйінде қала береді, ал қатынаста шын немесе жалғандық жағдайлары жанама түрде болады. Мысалы: Алматы – еліміздің астанасы шын сонда және тек сонда ғана, егер Санкт-Петербург – Ресейдің астанасы. Тағы бір мысал алайық, М.Әуезов – «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы шын сонда және тек сонда ғана, егер ол – Семей жерінің түлегі. Енді лексикалық синтагматиканың тағы бір шығу көзі болатын аксиомаларға тоқталғанда, олардың үш типі бар екенін байқаймыз. Біріншісі; нақты заттар мен нақты ойлауға негізделген шын және жалғанның

қатынасын көрсетеді, яғни Алматы – еліміздің бас қаласы (Алматы аталымы қала сөзімен қатынасады). Екіншісі; Алматы – еліміздің бас қаласы болды (қала аталымы болды предикатымен қатынасады). Үшіншісі; ат пен предикатты байланыстыратын күрделі құрылым аксиомалары, яғни күрделі тілдік бірліктердің мәндік байланысынан жүйе шығады. Бұндағы құрылым мына сипатта келеді: А – Б түріндегі таңбалардың қатынасы шын болады, егер А таңбасына қатынасатын объект, Б таңбасының предикатын қанағаттандырса. Бұл аксиомалар нақты ойлаудан шыққан шындықтың формуласын сөйлемге көшіруге мүмкіндік береді. Ондай кезде сөйлем мына құрылымда болады: Астана – еліміздің бас қаласы шын сонда және тек сонда ғана, егер Астана – еліміздің бас қаласы. Осы аксиомадан семантиканың шындық жағдайы шығады да, бұл логикалық семантикада теориялы-шындық семантикасы деп аталады. Лексикалық синтагматиканың модалды логиканың мүмкіндік, болжалдық, қажеттік модалдылықтарына қатыстылығы осы теориялы-шындық семантикасынан басталады. М.А.Кронгауз Р.Карнап, С.Крипкенің теориялы-шындық семантикасының кеңеюінен мүмкіндік әлемдер семантикасы ұғымын шығарып, оны логикалық семантикаға енгізгенін көрсетеді [3,38]. Модалдылық осы мүмкіндік әлемдер семантикасында көлемінде қажеттілікке байланысты...егер; мүмкін болса; егер...керек; керек деп т.т. клишелерде көрінеді. Мысалға, мүмкіндік әлемдер семантикасында Қожанасыр, Алдар көсе, Тазша бала т.т. кейіпкерлердің әлемі болады және ол әлем шын пайымдаудан құралады, ал негізінде жалған пайымдау екені белгілі. Сонда ертегілер әлемі жүйелі логика заңдарына негізделгендіктен, шын пайымдаулардан тұрады, сол себепті, мифтік бейнелер, ирреалды нәрселер, аңыз кейіпкерлерінің өмірі табиғи тілдің семантикалық қорында өзара қайшылық туғыза жүріп, өмір сүруде. Сөз мағынасы ойдың жүйелі байланысына түскенде шын және жалған ойқорыту, пайымдауға байланысты түрленеді. Жалпы ойлану қызметінде пайда болатын ұғым, заттар не құбылыстардың жалпылануынан туғандықтан заттардың белгісіздігін таңбалайды. Сонда, мәселен, біз оқып жатқан кітап емес, жалпы кітап атаулыны таңбалайды. Логикалық семантикада ойлаудың түрлеріне қатысты туатын ойқорытулар, заттар не құбылыстардың атауларына нейтралды болады, яғни бұл таңбаның бос дыбыстар жиынтығы екенін байқатады. Ойлау бірінші, екінші сигналдық жүйелерге, оның ішінде, түсінік пен қабылдауға сүйену арқылы жүзеге асады. Қабылдау мен түсінік бірінші сигналдық жүйенің негізінде жасалады, ал нақты ойлау тілге байланысты болғандықтан, екінші сигналдық жүйемен іске асады. Ойлау қабылдау мен түсінуге қарағанда күрделі психологиялық процесс. Міне, осылардың негізінде бірқатар ғылымдардың ортақ сұрағы болатын ұғым категориясы шығады. Ұғым қалыптасу үшін, алдымен, көптеген заттардың

ең басты белгілерінің бөлінуі жүреді, сосын барып, олар дерексізденіп, индивид санасында сол зат не құбылыстың ұғымы болып қалыптаса бастайды. Қалыптасу жалпылық жағдайында жүреді, яғни бұл процесс бірден не тез болмайды, яғни барлық заттар адам жадында біртектес елеулі белгілеріне қарай бір атаумен сақталады. Мысалы; *құс* (жалпы құс), *көлік* (жалпы көліктер), *хабар* (жалпы хабар), *қала* (жалпы қала) т.т. Осыдан келіп, жалпы және жекелеген ұғымдар пайда болады. Жалпы ұғымдар – біртектес заттар мен құбылыстардың тобын қамтиды, ал жеке ұғымдар – жекелеген бір зат не құбылысқа, жағдайға, оқиғаға қатысты болады. Мәселен, Ұлы Отан соғысы, Тың игеру, Алаш қозғалысы т.т. Ұғымның екі түрін, тіпті кез келгенін анықтауда екі белгі: жалпылық пен белгісіздік міндетті түрде болу керек. Бұлар ұғымның ең басты белгілері болады, содан шығар, ұғым ғұмыр бойы қанша білімдарлар біліп, танып, айқындағанымен, бір жағы не қыры сол белгісіз күйінде қалып отырады. Бұл мәселеде қолданатын әдіс – пайымдау принциптері арқылы оның табиғатын, қатынастарға түскендегі құбылуын ашу. Жекелеген заттарға байланысты логикада нақты ойлау түрі бар; оның аты – терм, сонымен бірге, термді жекелеген заттарды таңбалаушы сөздер мен сөз тіркестері деп те анықтау қабылданған. Жалпы термдер ұғымды бөліп, оларға таңуға болатын логиканың элементарлы бірліктері деп қарасақ, дұрысқа келеді. Енді, жеке және жалпы ұғымдардың беретін мәнін термдер бере ала ма деген сұрақ туады, яғни оның ұғымдардан айырмашылығы қандай түрде болады деген мәселелерді қаралық. Бұл үшін Е.С.Кузьминаның мәтіндегі ұғымдардың түрлерін талдау үшін және синтагматикалық қатынастың шығу негіздерін көрсетудегі қолданған үлгісін, кейбір мысал түрлерін басшылыққа алдық [4,27]. Алдымен, тілдегі ұғымдарды салыстыруымыз қажет болады, сондықтан сөйлемдерді салыстырамыз:

1. *Кітапхананың оқу залында бір адам кітап оқып отыр.*

Адам – саналы, ойлау қабілеті бар, тіршілік иесі.

2. *Құс жігітке жыл сайын жалғыз жұмыртқасын жылан жейтінін айтады.*

Құс қауырсын қанаттары мен құйрығы арқылы әуеге ұша алады.

3. *Сиыр мүйізімен сүзіп жіберуі мүмкін.*

Сиыр – сүтқоректі жануар.

4. *Балық өсірудің пайдасы мол.*

Балық - желбезегімен дем алады.

5. *Атына міне сала қамшы басты.*

Ат – күйіс қайырмайтын, тақ тұяқты жануар.

Бірінші сөйлемдердегі *адам, құс, сиыр, балық, ат* сөздерінің мәні екінші сөйлемдердегі сынарларынан ерекшеленеді. Бірінші сөйлемдердегі *адам, құс, сиыр, балық, ат* сөздері нақты жағдайдағы белгілі бір жекелеген заттарды көрсетіп тұр. Бұл сөздерден адам санасында бейне, түсінік, сезімдер тууы мүмкін, яғни бұнда бейнелі-көрнекі ойлау жүзеге асады, сондықтан қабылдау болмай, тек түсінікке жақын ойлау жүреді. Екінші сөйлемдердегі *адам, құс, сиыр, балық, ат* сөздері жалпы ұғымды, біртектес заттардың класын таңбалайды. Бірінші сөйлемдердегі *адам, құс, сиыр, балық, ат* сөздері жалпы және жеке ұғымдарға да жатпайды, өйткені олар белгілі бір жағдайдағы белгілі бір уақыт сәтіндегі белгілі бір заттарды таңбалайды. Бұл түсінік тудырмаса да соған жақын келетін, жалпылық пен белгісіздік қасиеті жоқ, екінші сигналдық жүйеге қатысты болатын ойлау жүйесі. Бұл – ойлау жүйесі терм болады. Сонда терм – ойлаудың логикалығын білдіруші пайымдауға апаратын басқыштардың бірі.

Терм – белгілі бір жағдайда белгілі бір заттар мен құбылыстарды бөлетін ойлау формасы. Е.С.Кузьмина ойлаудың бұл жүйесіне мынадай анықтама береді: «Термдер белгілі бір заттардың және сол заттардың белгілі бір жағдайларының белгілі бір уақыт кезіндегі таңбалануы болып табылады» [4,28]. Зерттеушінің айтарына қосарымыз, бұл ойлау жүйесінің адам санасында белгілі бір уақытта таңбалануы, сол себепті логикалық семантиканың қатынастар мәселесі аумағында қарастырылатын сұрағы болады. Терм мен жеке ұғымды айыру қиындық туғызатындықтан оларды кейде шатастырып қабылдау әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Новиков Л.А. Семантика русского языка. М., 1982.
2. Гетманова А.Д. Логика. М., 1986.
3. Кронгауз М.А. Семантика. М., 2005.
4. Кузьмина Е.С. Синтагматика научного текста (на материале русской научной литературы). Дисс. докт. филол. наук. М., 2005.